**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және ( немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 23/НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 152-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 187) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша" БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе ) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

2) осы бұйрықтың көшірмесін тіркелген бұйрықты алған күннен бастап Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі* — *Б. Мусин*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2024 жылғы 16 қаңтардағы
№ 23/НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және ( немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалары 1. Елді мекендердің жерлерінде және одан тыс жерлерде жер-кадастрлық жұмыстар 1.1. Жер учаскесіне актіні дайындау және беру**

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, Жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.1-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

ҚҚС-сыз, теңге

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кондоминиум | |
| № р/б | Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау бойынша жұмыс түрлері | жеке тұлғалар үшін 0,25 га дейінгі бау-бақша және саяжай құрылыс, ЖТҚ, ЖҚШ, жеке гараждар және сарайлар жүргізу үшін | шаруа (фермер) қожалықтарын жүргізу үшін, 50 га дейін | әлеуметтік, өнеркәсіптік, коммерциялық мақсаттағы мемлекеттік және жеке объектілер үшін, 0,5 га дейін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | объектілері үшін 1 га дейін |
| 1 | Жұмыстарды орындауға өтінім қабылдау | 1 116,59 | 1 333,70 | 1 225,15 | 1 333,70 |
| 2 | Кадастрлық нөмірді анықтау | 1 566,33 | 1 659,38 | 1 628,36 | 1 519,80 |
| 3 | Жер учаскесін кадастрлық кварталда тіркеу (мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне координаттарын енгізу, сәйкестендіру құжатын дайындау үшін тапсырыс бланкісін толтыру, сервитуттың болуы кезінде ( өту, өту үшін) мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне сервитут координаттарын енгізу, жоспарлы-картографиялық материалды дайындау, жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын жердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізу) | 1 612,85 | 2 574,36 | 2 419,28 | 1 767,93 |
| 4 | Сәйкестендіру құжатын дайындау және беру | 2 977,57 | 3 830,52 | 3 628,91 | 3 318,75 |
| 5 | Жер-кадастрлық құжаттаманы Қалыптастыру және мұрағатқа беру | 1 054,56 | 1 209,64 | 1 116,59 | 1 163,11 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы: | 8 327,89 | 10 607,60 | 10 018,29 | 9 103,30 |
| | Жер учаскесінің алаңына байланысты жұмыстардың құнын арттыру коэффициенті | | Коэффициенттерді қолдану<br>100 га дейін-1,1<br>500 га дейін -1,2<br>1000 га дейін-1,3<br>1000 га жоғары-1,4 | Коэффициенттерді қолдану<br>1 га дейін-1,1<br>10 га дейін -1,2<br>50 га дейін-1,3<br>50 га жоғары-1,4 | Коэффициенттерді қолдану<br>1,5 га дейін -1,1<br>2 га дейін -1,2<br>2,5 га дейін-1,3<br>2,5 га жоғары-1,4 |

## 1.2. Ауыл шаруашылығы алқаптарын алу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын айқындау

Жұмыстың мазмұны. Жер учаскесін сипаттайтын мұрағаттан өтінімді қабылдау, материалдарды іріктеу және талдау.

Берілетін жер учаскесінің жер түрін, топырақтың типі мен кіші түрін анықтау.

Аудан бірлігінің құнын анықтау. Шығын мөлшерін анықтау, құжатты дайындау, жұмысты Тапсырыс берушіге тапсыру.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.2 - кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| №<br>р/б | Жұмыс атауы | Баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Ауыл шаруашылығы алқаптарын алу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын айқындау | 5 210,75 |

Ескерту: уақыт нормалары алқаптардың бір түрі бар учаскелер үшін келтірілген, алқаптардың бірнеше түрі болған жағдайда әрбір келесі түріне 682 теңге, ҚҚС-сыз қосылады.

## 1.3. Жер учаскесінің (жер пайдалану құқығының) кадастрлық (бағалау) құнын айқындау)

Жұмыстың мазмұны. Қабылданған құжаттармен танысу, жер учаскесіне құқық (жер пайдалану құқығы) туралы құжаттардың бар болуын тексеру. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасы бойынша жер учаскесін сәйкестендіру. Түгендеу жер-кадастрлық істерді сұрату, іс материалдарын зерделеу, далалық зерттеу материалдарымен (болған жағдайда) салыстыру.

Жер учаскесін сипаттайтын материалдарды іріктеу, жер үшін төлем ставкаларын және түзету коэффициенттерін анықтау, жер учаскесінің (жер пайдалану құқығының) кадастрлық (бағалау) құнын есептеу, баға аймағын анықтау және аймақтылық

коэффициенті (елді мекендерде), кадастрлық (бағалау) құнын анықтау актісін жасау және Тапсырыс берушіге беру. Жер учаскесінің (жер пайдалану құқығының) құнын бағалау жөніндегі істі ресімдеу және оны мұрағатқа тапсыру.

**1.3.1. Шаруа (фермер) және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген (берілетін) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау**

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.3.1-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| №<br>р/б | Бағаланатын жер учаскесінің ауданы | Баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | 100-ге дейін | 19 974,54 |
| 2 | 101-ден 500-ге дейін | 23 200,24 |
| 3 | 501-ден 1000-ға дейін | 29 031,32 |
| 4 | 1001-ден 5000-ға дейін | 52 355,62 |

Ескерту: жер учаскесінің ауданы 5000 гектардан жоғары болса, әрбір 1000 га қосымша алқапқа Бағалар 10%-ға ұлғайтылады.

**1.3.2. Жеке тұлғаларға жеке (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, тұрғын үй құрылысы және қызмет көрсету, жеке гараж, сарай, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген ( берілетін) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау**

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.3.2-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| №<br>р/б | Жұмыс атауы | Өлшем бірлігі | Баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Өтінімді тіркеу және тапсырыс берушіде жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың болуын тексеру | іс | 620,33 |
| 2 | Жер учаскесін сипаттайтын материалдарды іріктеу және талдау | учаске | 1 240,65 |
| 3 | Төлемақы ставкасын және оларға түзету коэффициенттерін | | 868,46 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | анықтау | учаске | |
| 4 | Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын есептеу | учаске | 2 109,11 |
| 5 | Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісін ресімдеу | учаске | 868,46 |
| 6 | Тапсырыс берушіге жер учаскесінің кадастрлық ( бағалау)<br>құны актісін беру | акт | 620,33 |
| 7 | Жер учаскесінің құнын бағалау жөніндегі материалдар<br>ресімдеу және оны мұрағатқа тапсыру | іс | 1 240,65 |
| | Барлығы: | | 7 567,99 |

Ескерту: егер жер учаскесі мемлекеттің тегін беру нормасынан асып кетсе, 1,3 коэффициентін қолдану қажет.

### 1.3.3. Ғимараттар мен құрылыстарға олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерлерді қоса алғанда, құрылыс салуға немесе құрылыс салынған үйлер мен ғимараттар олардың кешендеріне берілген (берілетін) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.3.3-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| №<br>р/б | Жұмыс атауы | Өлшем бірлігі | Баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Өтінімді тіркеу және тапсырыс берушіде жер учаскесіне<br>құқық белгілейтін құжаттардың болуын тексеру | іс | 620,33 |
| 2 | Жер учаскесін сипаттайтын материалдарды іріктеу және талдау | учаске | 3 101,64 |
| 3 | Жоспарлы-картографиялық материалдарды дайындау | жоспар | 1 860,98 |
| | Төлемақы ставкасын және оларға түзету | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | коэффициенттерін анықтау | учаске | 3 721,96 |
| 5 | Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын есептеу | учаске | 5 582,95 |
| 6 | Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісін ресімдеу | учаске | 868,46 |
| 7 | Тапсырыс берушіге жер учаскесінің кадастрлық ( бағалау)<br>құны актісін беру | акт | 1 860,98 |
| 8 | Жер учаскесінің құнын бағалау жөніндегі материалдар<br>ресімдеу және оны мұрағатқа тапсыру | іс | 2 729,44 |
| | Барлығы: | | 20 346,73 |

Ескерту:

1. Өлшем бірлігі үшін ауданы 1 га дейін жер учаскесі қабылданды.

2. Ауданы 10 га дейін жер учаскесіндегі коэффициенттер қолданылады - 1,1; 50 га дейін – 1,2; 100 га дейін - 1,3; әрбір кейінгі 100 га норма 5%- ға ұлғайтылады.

**1.3.4. Елді мекендер шегінде елді мекендердің және бағалау аймақтарының белгіленген шекаралары болған кезде жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау**

1.3.4-кесте

Ед. измерения – земельный участок

| №<br>р/б | Жұмыс атауы | Баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен<br>құжаттар топтамасын қабылдау және өңдеу | 1 116,59 |
| 2 | Баға аймағын анықтау | 930,49 |
| | Барлығы: | 2 047,08 |

**1.3.5. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін паспорттау**

1.3.5-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| №<br>р/б | Жұмыс атаулары | Шаруа (фермерлік) қожалығы, баға, ҚҚС-сыз | Ауыл шаруашылығы ұйымы (кооператив, серіктестік, акционерлік |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | теңге | қоғам),<br>баға,<br>ҚҚС-сыз теңге |
| 1 | Паспортты толтыру үшін материалдарды іріктеу | 1 102 | 3 672 |
| 2 | Бөгде жер пайдаланушылардың, ( меншік иелерінің) учаскелерін, елді мекендерді, гидрографияның негізгі элементтерін, жол желісін, ауыл шаруашылығы алқаптарының контурларын түсіре отырып, жер учаскесінің жоспарын дайындау | 3 213 | 4 590 |
| 3 | Топырақ картасын дайындау | 3 213 | 4 590 |
| 4 | Геоботаникалық карта дайындау | 3 213 | 4 590 |
| 5 | Жер учаскесі туралы жалпы мәліметтерді сипаттайтын Паспорт нысанын толтыру | 459 | 918 |
| 6<br>7 | Жер учаскесінің сапалық жағдайын анықтау:<br>- топырақ түрлері бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдарын есептеп шығару;<br>- ауыл шаруашылығы алқаптары мен егістіктерді мелиоративтік топтар бойынша бөлу;<br>- егістік қарашірігінің құрамын анықтау | 3 672 | 11 016 |
| | Жем-шөп алқаптарының дақылдық техникалық жай-күйін анықтау | 734 | 2 754 |
| 8 | Топырақ бонитетінің балдарын алқаптардың түрлері бойынша нақтылау және түзету | 3305 | 10 098 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Паспорттың авторлық түпнұсқасын дайындау | 643 | 1 377 |
| 10 | Паспортты компьютерлік теру, екі данада ресімдеу мен дайындау | 2 387 | 2 387 |
| | Барлығы: | 21 941 | 45 992 |

Ескертулер:

1. Паспортты толтыру бағалары суармалы емес егін шаруашылығы аймақтары үшін есептелген. Жер учаскесінің орналасуы кезінде келесі коэффиценттер қолданылады:

- суармалы егін шаруашылығы аймағында – 1,2;
- мал шаруашылығы аймағында (шөлді және жартылай шөлді аймақ) – 0,7.

2. Шаруа (фермерлік) қожалықтары бойынша жұмыстар жүргізу бағасы баға ауданы 50 гектарға дейінгі жер учаскесіне есептелген. Алаңы 50 гектар-дан 100 гектарға дейінгі жер учаскесіне – 1,1; 101 гектардан 500 гектарға дейінгі жер учаскесіне – 1,2; 501 гектардан 1000 гектарға дейін – 1,3 коэффициенттер қолданылады, әрбір келесі 1000 гектар жер учаскесіне бағалар он пайызға арттырылады.

3. Заңды тұлғалар үшін жұмыстар жүргізу бағасы алаңы 5 мың гектар жер учаскесіне есептелген. Ауданы 5,0 мың гектардан 10,0 мың гектарға дейінгі жер учаскесіне – 1,1; 10,0 мың гектардан 15,0 мың гектарға дейін – 1,2; 15,0 мың гектардан 20,0 мың гектарға дейін – 1,3 коэффициенттер қолданылады; әрбір келесі 10,0 мың гектар жер учаскесіне бағалар он пайызға арттырылады.

4. Бағаларға жер учаскесінің кадастрлық құнын белгілеу және түгендеу жұмыстары, қосымша дайындалатын жер пайдалану жоспарларын, ірілеу масштабты топырақ пен геоботаникалық картаны дайындау жұмыстары кірмейді.

**1.4. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру кезінде жер-кадастрлық жоспарды дайындау**

Жұмыстың мазмұны. Жұмыстарды орындауға өтінімді қабылдау (өтінішке қоса берілетін құжаттардың жинақтылығын тексеру), АЖ-ға графикалық деректерді енгізу, кварталда жер учаскесін тіркеу, алаңды есептеу, кадастрлық нөмір беру, жер-кадастрлық жоспарды дайындау үшін тапсырыс бланкісін толтыру, жоспарлы-картографиялық материалды дайындау, кадастрлық бағалау құнын айқындау (материалдарды зерделеу, бағалау параметрлерін айқындау анықтау, құнын есептеу), жер учаскесіне жер-кадастрлық жоспар дайындау, жер-кадастрлық құжаттаманы қалыптастыру.

Орындаушылар құрамы: маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, Жер кадастры жөніндегі инженер, Жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.4-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| № р/б | Жұмыс атауы | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Жұмыстарды орындауға өтініш қабылдау | 1 721,41 |
| 2 | Ақпараттық жүйеге графикалық деректерді енгізу | 2 186,65 |
| 3 | Жер учаскесінің кадастрлық ( бағалау) құнын анықтау | Бағалар кестелерге сәйкес анықталады 1.3.2, 1.3.3, 1.3.4 |
| 4 | Жер учаскесіне жер-кадастрлық жоспар дайындау | 2 574,36 |
| 5 | Жер-кадастрлық құжаттаманы қалыптастыру | 3 008,59 |
| | Итого | 9 491,01 |

Ескерту:

1. өлшем бірлігі үшін ауданы 0,5 га дейінгі жер учаскесі қабылданды, ауданы 1 га дейінгі жер учаскесіне - 1,1; 10 га дейін – 1,2; 50 га дейін – 1,3 коэффициенттері қолданылсын; әрбір келесі 50 гектар үшін нормалар 5% - ға ұлғайтылсын.

2. Жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезінде бағалар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 230 бұйрығына сәйкес айқындалады.

3. МЖК АЖ графикалық деректерімен жер учаскесін жұмыспен қамту туралы қорытынды дайындау кезінде:

- айналмалы бұрыштық нүктелер (координаттар) болған кезде есептеуге 1.5.1-кесте қолданылады;

- жер учаскесінің бұрылыс бұрыштық нүктелері (координаттары) болмаған жағдайда жер-кадастрлық жұмыстар далалық тексерулермен орындалады, құны " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 230 бұйрығына сәйкес есептеледі.

**1.5.1. Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу**

Жұмыстың мазмұны. Жұмыстарды орындауға өтінішті қабылдау (ұсынылған құжаттардың толықтығы мен толықтығын тексеру).

Жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жерінің (жерге орналастыру объектісінің шекаралары және олардың координаттары) ақпараттық жүйенің графикалық деректеріне сәйкестігін тексеру.

Жүргізілген салыстырып тексеру туралы жазбаны жер учаскесінің жоспарына енгізу, жобаланатын жер учаскесінің шекарасын салу схемасын дайындау, істі қалыптастыру және мұрағатқа тапсыру.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, Жер кадастры жөніндегі инженер, Жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

1.5.1-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесінің бұрылыс нүктелері

ҚҚС-сыз теңге

| № р/б | Жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жерінің ақпараттық жүйенің графикалық деректеріне сәйкестігі бөлігінде жерге орналастыру жобасын келісу бойынша жұмыс түрлері | 4 бұрылыс нүктесіне дейін | 10 бұрылыс нүктесіне дейін |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыстарды орындауға өтініш қабылдау | 868,46 | 1 039,05 |
| 2 | Атрибуттық және графикалық деректерді ақпараттық жүйеге жүктеу | 496,26 | 620,33 |
| 3 | Жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жерінің сәйкестігін тексеру | 403,21 | 527,28 |
| 4 | Жүргізілген салыстырып тексеру туралы жазбаны жер учаскесінің жоспарына енгізу не салу схемасын дайындау, істі қалыптастыру және мұрағатқа тапсыру | 1 659,38 | 2 202,16 |
| | Барлығы: | 3 427,31 | 4 388,82 |

Ескерту: әрбір қосымша 10 бұрылыс нүктесіне 512 теңге қолдану

### 1.5.2. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің жобаланатын шекараларын жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу (500 бұрылыс нүктесіне дейін)

Жұмыстың мазмұны. Көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен құжаттар топтамасын қабылдау және өңдеу. Координаттар жүйесін анықтау, қажет болған жағдайда басқа жүйеге қайта есептеу (әртүрлі координаттар жүйесінде мемлекеттік жер кадастрын жүргізу кезінде). Әкімшілік-аумақтық бірліктің координаттар ведомосы мен жоспары келіп түскен кезде (жекелеген жағдайларда сканерленген түрде) бұрыштық

бұрылыс нүктелері қолмен енгізіледі, ақпараттық жүйе арқылы электрондық түрде жүктеу кезінде координаталарды кадастрлық картаға жүктеу (әкімшілік-аумақтық бірліктің жоспарын құру), әкімшілік-аумақтық бірліктің жобаланатын шекараларына іргелес жер учаскелері бойынша атрибутивтік ақпаратты енгізу жүргізіледі бірліктер ( әкімшілік-аумақтық бірліктің қолданыстағы шекаралары өзгерген кезде). Жобаланатын шекараларды сызық өлшемдерінің сәйкестігіне, жер учаскелеріне салынулардың болуына, шектес әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы үзілістердің болуына, шектес әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының салынуының болуына, есептік орамдардың шекараларына сәйкестігіне салыстырып тексеру. Кадастрлық картада жариялануға жатпайтын объектілерге деректерді түсіру және тексеру.

Шектес облыстармен шектесетін әкімшілік-аумақтық бірліктің жобаланатын шекараларын келісу кезінде Мемлекеттік корпорацияның тиісті филиалдарынан олардың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкестігі тұрғысынан шекараларды келісу сұратылады. Салыстыру актісін, әкімшілік-аумақтық бірліктің схемасын толтыру. Жауапты орындаушының қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға жолдауы.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, Жер кадастры жөніндегі инженер, Жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.5.2-кесте

Өлшем бірлігі - әкімшілік-аумақтық бірлік

| № р/б | Жұмыс атауы | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен құжаттар топтамасын қабылдау және өңдеу | 9 428,97 |
| 2 | Координаталарды бір жүйеден екінші жүйеге қайта есептеу | 40 941,60 |
| 3 | Атрибуттық және графикалық деректерді ақпараттық жүйеге жүктеу | 68 236,00 |
| 4 | Жобаланатын шекараларды сызық өлшемдерінің сәйкестігіне, жер учаскелеріне салуға, шектес АТЕ арасындағы алшақтықтардың болуына, шектес АТЕ шекараларының салынуына, есептік орамдардың шекараларына сәйкестігіне салыстырып тексеру. Кадастрлық картада жариялануға жатпайтын объектілерге деректерді түсіру және тексеру. | 40 941,60 |
| 5 | Жер учаскесін салыстыру актісін және | 40 941,60 |

| | | |
|---|---|---|
| | орналасу схемасын қалыптастыру | |
| 6 | Қызмет көрсетудің дайын нәтижесін беру | 18 113,56 |
| | Барлығы | 218 603,33 |

Ескертпе: әрбір қосымша бұрылыс нүктесіне 500-ден астам 437 теңге қосылсын

## 1.6. Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін белгілей отырып, елді мекендерде бағалау аймақтары шекараларының схемаларын әзірлеу Елді мекендер санаттарының сипаттамасы

1.6-кесте

| Санат | Елді мекен санаттарының сипаттамасы |
|---|---|
| I | ауылдық елді мекендер |
| II | аудандық орталықтар (кенттер мен ауылдар) және аудандық маңызы бар қалалар |
| III | облыстық маңызы бар қалалар (облыс орталықтарынан басқа) |
| IV | облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қалалар Астана, Алматы және Шымкент |

### 1.6.1. Дайындық жұмыстары

Жұмыстың мазмұны. Материалдарды кейіннен өңдеу және талдау арқылы жинау: елді мекенді дамытудың бас жоспары; жер балансының деректері; жоспарлы-картографиялық материалдар; жер учаскелерін кадастрлық бағалау үшін рентабельді факторлардың және олардың коэффициенттерінің тізбесі; жер аукциондарының (конкурстардың) нәтижелері; риэлтерлік компаниялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының жер жылжымайтын мүліктің алаңы мен нарықтық құны, сондай-ақ объектілерді: жер учаскелерін, тұрғын және өзге де ғимараттар мен құрылыстарды жалдау құны; қоршаған ортаны қорғау органдарының материалдары бойынша қала жерінің экологиялық-геологиялық жағдайы; жергілікті жағдайда қолдану үшін қажетті өзге ақпараттар.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.6.1-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

ҚҚС-сыз теңге

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| 156 818,73 | 314 133,73 | 600 476,80 | 1 214 848,93 |

Ескерту:

1. Бағалармен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді есепке алмағанда, елді мекеннің шекарасында дайындық жұмыстарын орындау қарастырылған.

2. Қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екіауданда – 1,2, үшауданда – 1,3, үш ауданда – 1,5.

### 1.6.2. Схеманы әзірлеу

Жұмыстың мазмұны. Әлемдік тәжірибеде қабылданған тәсілдер (олардың модификациялары) бойынша жылжымайтын мүлік құнын есептеу жылжымайтын мүлікті бағалау: табысты, шығынды және сатуды салыстыру. Олардың негізінде аймақтардың коэффициенттерін есептеу; бағалау объектілері бойынша баға құраушы факторларды таңдау және олар бойынша аймақтарға бөлу коэффициенттерін анықтау; аймақтар бойынша орташа өлшемді коэффициенттерді есептеу; аймақтарға бөлу схемаларының ықтимал, неғұрлым ұтымды нұсқаларын әзірлеу; аймақтардың шекараларын жобалау және олардың алаңдарын есептеу; әрбір нұсқаның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау; олардың бірін таңдау және келісу; аймақтарға бөлу схемасының авторлық түпнұсқасын дайындау және қажетті есептермен түсіндірме жазба жазу. Келісуге және бекітуге материалдар дайындау.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.6.2-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

ҚҚС-сыз теңге

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| 1 180 606,87 | 2 354 266,07 | 4 721 931,20 | 9 245 853,93 |

Ескерту:

1. Қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екі ауданда – 1,2, үш ауданда – 1,3, үш ауданда – 1,5.

### 1.6.3. Құжаттарды дайындау

Жұмыстың мазмұны. Елді мекеннің аумағын аймақтарға бөлу схемасын пайдалану үшін қолайлы, келесідей масштабта үш данада дайындау: 1:5000, 1:10000, 1:50000.

Әр түрлі түстермен бөлінген аймақтарды; аймақтар шекараларын және аймақтар бойынша түзету коэффициенттерін жоспарлы негізде көрсету. Графикалық материалды ресімдеуге жерді аймақтарға бөлу сызбаларын қарау және келісу туралы жазбаны, аймақтардың сипаттамаларының кестесін, шартты белгілерді, ұйымның масштабы мен мөртабанын енгізу.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.6.3-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

ҚҚС-сыз теңге

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| 396 016,93 | 627 771,20 | 1 378 615,33 | 2 920 500,80 |

Ескерту:

1. Қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екі ауданда – 1,2, үш ауданда – 1,3, үш ауданда – 1,5.

2. Бағалар аймақтарға бөлудің әрбір түріне – бағалық немесе салық салу мақсаттары үшін белгіленген.

3. Бағалық аймақтарға бөлу үшін схемаларды дайындау кезінде және салық салу мақсатында бағаларына 2,0 коэффициентін қолдану қажет.

**1.7. Жер үшін төлемақының базалық ставкасын есептеу 1.7.1. Дайындық жұмыстары**

Жұмыстың мазмұны. Базалық ставканы әзірлеуге арналған тапсырманы әзірлеуге қатысу; жерді далалық зерттеу бойынша жұмыс көлемін анықтау және оларды жүргізу кестесін жасау; материалдар бойынша түсіндірме жазба дайындау.

Бағалау кадастрлық кварталын таңдау; құрылыс түрлері бойынша салынған құрылыстардың, шекаралардың, аумақтардың сипаттамаларын нақтылау.

Мынадай материалдарды жинау және талдау: елді мекенді (қаланы) дамытудың Бас жоспарын; жер балансының деректерін; жоспарлы–картографиялық материалдарды; жер аукциондарының (конкурстардың) нәтижелерін; риэлтерлік компаниялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының жылжымайтын мүліктің ауданы мен нарықтық құны, сондай-ақ объектілерді жалға алу құны туралы ақпараттық деректерін: жер учаскелерін, тұрғын және өзге де ғимараттар мен құрылыстарды; нақты елді мекен үшін құрылыс-монтаж жұмыстарының бағасы туралы статистика саласындағы уәкілетті органның деректері; жергілікті жағдайларда қолдану үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.7.1-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

ҚҚС-сыз теңге

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 150 367,33 | 314 133,73 | 600 476,80 | 675 412,33 |

Ескерту:

1. Бағалармен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді есепке алмағанда, елді мекеннің шекарасында дайындық жұмыстарын орындау қарастырылған.).

2. Қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екі ауданда 1,2 үш ауданда 1,3 үшеуден жоғары 1,5.

### 1.7.2. Базалық мөлшерлемені есептеу

Жұмыстың мазмұны. Әлемдік тәжірибеде қабылданған жылжымайтын мүлікті бағалау тәсілдері (олардың модификациялары) бойынша жылжымайтын мүлік құнын есептеу: кіріс, шығын және сатуды салыстыру; қала аумағын бағалау аймақтарына бөлу ; аймақтар бойынша жер учаскелерінің нарықтық құнын есептеу. Базалық ставканың орташа өлшемді мәнін есептеу.

Бағалау орамдарын таңдау схемасының авторлық түпнұсқасын дайындау және қажетті есептерімен түсіндірме жазба жазу.

Келісуге және бекітуге материалдар дайындау.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.7.2-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

ҚҚС-сыз теңге

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| 1 146 364,80 | 2 361 213,73 | 7 560 548,80 | 9 518 797,93 |

Ескерту:

1. Қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екі ауданда 1,2 үш ауданда 1,3 үшеуден жоғары 1,5.

### 1.7.3. Құжаттарды дайындау

Жұмыстың мазмұны. Елді мекеннің аумағын есептік бағалау кварталдарын таңдау схемасын келесідей масштабта үш данада дайындау: 1:5000, 1:10000.

Жоспарлы негізде: таңдап алынған есептік кадастрлық бағалау орамдарының аймақтардың шекаралары (оларды ұйымдастырған кезде), кварталдағы жылжымайтын мүліктің орташа бағалау құны көрсетіледі. Графикалық материалды ресімдеуге, сондай-ақ іріктеу схемасын қарау және келісу туралы жазбалар, қосалқы кестелер, шартты белгілер, ұйымның масштабы мен мөртабаны енгізіледі.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 4.

1.7.3-кесте

Өлшем бірлігі – елді мекен

Тенге, без НДС

| Елді мекен санаты | | | |
|---|---|---|---|
| I | II | III | IV |
| 156 818,73 | 341 428,13 | 689 307,67 | 1 324 026,53 |

Ескерту: қала аумағын әкімшілік аудандарға бөлу кезінде уақыт нормаларына келесі коэффициенттер қолданылады: екі ауданда – 1,2, үш ауданда – 1,3, үш ауданда – 1,5.

## 2. Жерді сандық есепке алу 2.1. Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру

Жұмыстың мазмұны.

Дайындық жұмыстары. Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беруге өтінімді /сұранысты қабылдау. Құжаттардың толықтығын тексеру. Журналға тіркеу. Мамандар арасында өтінімдерді бөлу үшін жетекшілік ететін басшыға жіберу. Жауапты орындаушыны анықтау. Орындаушыға беру.

Камералдық жұмыстар. Мемлекеттік жер кадастры базасында деректердің сәйкестігін тексеру. Құжаттарды зерттеу. Мұрағаттан жер-кадастрлық істі алу (қажет болған жағдайда). Жер учаскесіне ақпарат дайындау (орналасқан жері, мақсатты пайдаланылуы, учаскенің көлемі мен шекарасы, учаскенің кадастрлық құны және өзге де қажетті мәліметтер, сондай-ақ жер учаскесіне құқық субъектілері туралы мәліметтер )/деректер базасынан іріктеу. Жер-кадастрлық істі мұрағатқа тапсыру. Дайын құжаттарды беру үшін бэк офиске жіберу. Беруді тіркеу журналына жазу. Дайындалған құжатты фронтқа беру үшін кеңсеге беру. Дайын қызметті көрсетілетін қызметті алушыға беру. Мәліметтерді өзектендіру бойынша материалдарды қалыптастыру ( түсіндірме жазба, есеп жазу және т.б.) (мемлекеттік органдар мен мекемелерге мәліметтерді ұсыну кезінде).

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

2.1-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| № р/б | Жұмыс атауы | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Жеке және заңды тұлғалар үшін мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру | 1 333,70 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік органдар мен мекемелерге мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру | 1 457,77 |

## 2.2. Аралас жер пайдаланушыларды көрсетумен жер-кадастрлық картаның жоспар-фрагментін дайындау

Жұмыстың мазмұны.

Дайындық жұмыстары. Тізілімге сәйкес фронт-кеңседен құжаттарды алу. Құжаттардың толықтығын тексеру. Журналға тіркеу. Мамандар арасында өтінімдерді бөлу үшін жетекшілік ететін басшыға жіберу. Жауапты орындаушыны анықтау. Орындаушыға беру.

Камералдық жұмыстар. Келіп түскен құжаттарды зерделеу. Мұрағаттан жер-кадастрлық істі алу (қажет болған жағдайда). Жер-кадастрлық картаның фрагментін дайындау. Электрондық деректер базасынан сабақтас жер пайдаланушыларды көрсету (шектесулерді сипаттау). Мемлекеттік жер кадастры базасында деректердің сәйкестігін тексеру. Дайын құжаттарды беру үшін бэк офиске жіберу. Беруді тіркеу журналына жазу. Дайындалған құжатты фронтқа беру үшін кеңсеге беру. Дайын қызметті көрсетілетін қызметті алушыға беру.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

2.2-кесте

Өлшем бірлігі – жер учаскесі

| № р/б | Жұмыс атауы | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Аралас жер пайдаланушыларды көрсетумен жер-кадастрлық картаның А4 форматында жоспар-фрагментін дайындау | 1 798,95 |

Ескерту: картаны өзге форматта басып шығарғаны үшін көрсетілетін қызметтің құнына: А3 – 2; А2 – 3; А1 – 4; А0 – 5 коэффициенті қолданылсын.

## 2.3. Жерді мемлекеттік есепке алу

Жұмыстың мазмұны. Жер балансын жасау бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуге қатысу. Қолда бар материалдарды талдау. Жер балансы үшін мәліметтерді жүйелеуге қатысу. Әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде жер пайдалану тізбесін айқындау және мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен мәліметтерді іріктеу. Әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде жер пайдалану схемаларын қалыптастыру. Жергілікті атқарушы органның келісімі

бойынша схемаларды ресімдеу. Жерді мемлекеттік есепке алу жөніндегі материалдарды қалыптастыру (тізімдемені, түсіндірме жазбаны, есепті және басқаларды жасау). Дайындалған материалдарға талдау жүргізу. Материалдарға қол қою. Материалдарды бекітілген кестеге сәйкес тапсыру.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, Жер кадастры жөніндегі инженер, Жер кадастры жөніндегі техник) – 1.

2.3-кесте

Өлшем бірлігі – әкімшілік-аумақтық бірлік

| № п/п | Жұмыс атауы | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|
| 1 | Жерді мемлекеттік есепке алу | 110 660,64 |

**2.4. Жер алқаптарының ауданын есептеу**

**2.4.1. Дайындық жұмыстары**

Жұмыстың мазмұны. Жоспарлы-картографиялық материалдарды алу; алқаптарды есептеу үшін пайдаланылатын жоспарлы-картографиялық негізді ресімдеу; жер пайдаланушылардың, ауылдық елді мекендердің, кенттердің, қалалардың, босалқы және орман қорының, көлік өнеркәсібі және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлердің енгізілген шекараларын тексеру (және қажет болған жағдайда түзету); ауданның жер есебінің деректері бойынша жер пайдаланушыларды орналастыру схемасын, жер пайдаланушылар тізімін жасау; жоспарлы-картографиялық негізмен жер пайдаланушылар тізімін оқу. Трапеция шекарасындағы ауданның жер пайдаланушыларын орналастырудың схемалық сызбасы шекарасындағы бөтен жер пайдалану туралы анықтамалардың көшірмесі.

Орындаушылар құрамы: бас маман, жетекші маман, маман (жерге орналастыру жөніндегі инженер, жерге орналастыру жөніндегі техник, жер кадастры жөніндегі инженер, жер кадастры жөніндегі техник, топырақтанушы, геоботаник) – 1.

2.4.1-кесте

Өлшем бірлігі – аудан

| № п/п | Аудандағы жер пайдаланушылар саны | Баға, ҚҚС-сыз теңге | № п/п | Аудандағы жер пайдаланушылар саны | Баға, ҚҚС-сыз теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 5 дейін | 104 711,24 | 5 | 25 | 281 876,71 |
